



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№81 (10481) 16 ҚАЗАН, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ – МАҢҒЫСТАУ ӘЛЕУЕТІН ТАНЫТАТЫН ЖАҢА МҮМКІНДІК



АСТАНАДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ: БОЛАШАҒЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. МАҢЫЗЫ ЗОР ЖИЫҢҒА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ МЕН ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ҚАТЫСТЫ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АББАТ ӨРІСБАЕВ, СОНДАЙ-АҚ ӨНІРДІҢ МЕДИЦИНА САЛАСЫНА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БАСШЫЛАР ДА БАР.

Конференцияда еліміздегі медициналық туризмнің қазіргі жай-күйі мен даму жолдары кеңінен талқыланды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, соңғы жылдары Қазақстанға келетін шетелдік емделушілер саны айтарлықтай артқан, яғни 2021 жылдан бері бұл көрсеткіш 5 есеге өскен. Бұл – ел медицинасының халықаралық деңгейге көтеріліп келе жатқанының дәлелі.

Маңғыстау облысы үшін медициналық туризмді дамыту ерекше маңызды бағыттардың бірі саналады. Өңірде заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген медициналық орталықтар, білікті мамандар және табиғи-географиялық ерекшеліктер бұл саланың өркендеуіне қолайлы мүмкіндік береді. Аймақтың климаттық жағдайы мен Каспий теңізінің жағалауы да сауықтыру туризмін дамытуға негіз бола алады.

Конференция барысында Маңғыстау облысының делегациясы шетелдік және отандық серіктестермен кездесіп, тәжірибе алмасу және өзара ынтымақтастық орнату бағыттарын талқылады. Аббат Өрісбаев өз сөзінде өңірдің денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, медициналық қызмет сапасын арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.

– Медициналық туризм – денсаулық сақтау саласын дамытудың жаңа кезеңі. Бұл бағыт халыққа сапалы қызмет көрсетумен қатар, өңірдің экономикалық дамуына, инвестициялық тартымдылығына және халықаралық беделінің артуына да ықпал етеді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ ол «Денсаулық сақтау саласына бағытталған қалалар» жобасының маңызын атап өтіп, бұл бастама өңірлердегі медициналық инфрақұрылымды дамытуға серпін беретінін айтты. Өңірлер арасында ынтымақтастық орнатып, Маңғыстауға инвестиция тартуға, медициналық кластер құруға шақырды.

Маңғыстауда соңғы жылдары заманауи технологиялар енгізіліп, жаңа қызмет түрлері іске қосылуда. Соның бірі – облыстық онкология орталығында ашылған ПЭТ-КТ қызметі. Бұл құрылғы қатерлі ісік ауруларын ерте анықтауға және дәл диагноз қоюға мүмкіндік береді. Мұндай заманауи жабдықтар өңір медицинасының әлеуетін арттырып, медициналық туризм бағытында нақты қадам жасауға жол ашды. Мамандардың пікірінше, медициналық туризм тек денсаулық сақтау саласының емес, жалпы өңір экономикасының жаңа драйверіне айнала алады. Шетелдік емделушілердің келуі қызмет көрсету сапасын жақсартып қана қоймай, Маңғыстаудың халықаралық деңгейде танылуына да ықпал етеді.

Астанада өткен конференция осы бағыттағы тәжірибе мен идея алмасудың алаңына айналып, Маңғыстаудың мүмкіндігін жан-жақты танытты. Алдағы уақытта облыс делегациясы шетелдік серіктестермен бірлескен жобаларды жүзеге асыру бойынша нақты жоспар әзірлейді.

Өз тілшіміз.

• БҮГІНГІ САНДА

АЙМАҚТА ТУУ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕДІ



» 3

МАҢҒЫСТАУ – ЖЕР СІЛКІНІСІНЕ БЕЙІМ АЙМАҚ



» 5

ТҮРКІ ДҮНИЕСІН ТОҒЫСТЫРҒАН ҚОС САПАР



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНАН АРНАЙЫ ДЕЛЕГАЦИЯ ӘЗІРБАЙЖАН МЕН ТҮРКІЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ ИССАПАРМЕН БАРЫП, БАУЫРЛАС ЕЛДЕРМЕН МӘДЕНИ, РУХАНИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ. САПАР АЯСЫНДА ЭТНОМЕДИАЦИЯ, МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНЫП, МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ БАСТАМАЛАРЫ КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.



БАКУДЕГІ ЭТНОМЕДИАЦИЯ – ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ КӨПРІ

13–15 қазан аралығында Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласына Маңғыстау облысының және еліміздің өзге өңірлерінің этномедиаторларынан құралған делегация іс-сапармен барды. Жұмыс сапарының басты мақсаты – этномедиация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, түркі халықтары арасындағы

мәдени және рухани байланысты дамыту, бейбітшілік пен келісімді сақтаудағы тәжірибе алмасу.

Делегация мүшелері сапардың алғашқы күнінде Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Елшісімен кездесті. Әңгіме барысында екі ел арасындағы достық байланыстар мен мәдени әріптестікті тереңдету мәселелері талқыланды. Елші қазақстандық этномедиаторлардың қоғамдағы келісімді сақтау ісіндегі

еңбегін жоғары бағалап, бұл бағыттағы ынтымақтастықтың жалғасуы маңызды екенін атап өтті. Сапар аясында Маңғыстау облысы атынан Бекет атаның 275 жылдық мерейтойына арналған естелік сый тарту етіліп, бауырлас елдер арасындағы рухани сабақтастықтың терең тамыры мен мәңгілік достықтың нышаны ретінде қабылданды.

Маңғыстаулық делегация әзірбайжандық әріптестерімен тәжірибе алмасып, этносаралық татулық пен бейбітшілікті нығайтудағы ортақ жобаларды талқылады.

АНКАРАДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ – МӘДЕНИ БІРЛІК ПЕН БАУЫРЛАСТЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ

Маңғыстау облысының делегациясы Түркия астанасы Анкара



қаласында да бірқатар маңызды кездесулер өткізді. Делегация құрамында облыс әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев, Ақтау қаласының әкімі Әбілқайыр Байпаков, облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Нұртас Сали, сондай-ақ ҚР ТҮРКСОЙ жанындағы өкілі Нышанкүл Қаратаева болды. Кездесулер ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевтың қатысуымен Анкара губернаторлығында өтті. Делегацияны Анкара губернаторы Васип Шахин қабылдап, Ақтауда түркі әлемінің мәдени астанасы жылы аясында жүзеге асқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Сұлтан Раев Ақтаудың түркі мәдениеті астанасы мәртебесін жоғары деңгейде атқарғанын атап өтіп: «Жүз мыңнан астам адам

қатысқан ашылу салтанаты мен қырықтан астам ірі іс-шара арқылы Ақтау түркі дүниесінің мәдени бірлігінің үлгісін көрсетті», – деді. Өз кезегінде Тілеген Әбішев түрік тарапына көрсетілген құрмет пен бауырластық ниетке ризашылығын білдіріп, Маңғыстау мен Түркия арасындағы мәдени ынтымақтастықтың жалғасатынын жеткізді.

Кездесу соңында делегация Анкара губернаторы Васип Шахинді Маңғыстау облысы әкімдігі мен ТҮРКСОЙ бірлесіп өткізетін қазақтың ағаш үйін ресми табыстау рәсіміне шақырды.

Екі сапар да Маңғыстау өңірінің халықаралық байланыстардағы рөлін айқындап, бауырлас елдер арасындағы мәдени және рухани ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. Бұл кездесулер – ортақ тарихы мен тамыры бір түркі жұртының рухани бірлігін бекемдейтін игі бастамалардың жалғасы.

Өз тілшіміз.